

**Воронеж ауылдық округі әкімінің 2008 жылғы 18 қарашадағы № 23 Воронеж селолық округінің Лысанов селосының құрамдас бөлігін атау туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Қостанай облысы Федоров ауданы Воронеж ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 6 мамырдағы № 4 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 5 маусымда № 4816 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ономастика мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 қаңтардағы Заңына сәйкес Воронеж ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ Қ А Б Ы Л Д А Д Ы** :

1. "Воронеж селолық округінің Лысанов селосының құрамдас бөлігін атау туралы" Воронеж ауылдық округі әкімінің 2008 жылғы 18 қарашадағы № 23 шешіміне ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-20-113 тіркелген, 2009 жылғы 9 қаңтарда "Федоровские новости" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

шешімнің мемлекеттік тілдегі тақырыбында және бүкіл мәтін бойынша "селолық", " селосының", "селосы" деген сөздер тиісінше "ауылдық", "ауылының", "ауылы" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген шешімнің қосымшасында мемлекеттік тілдегі бүкіл мәтін бойынша " селолық", "селосының" деген сөздер тиісінше "ауылдық", "ауылының" деген сөздермен ауыстырылып өзгерістер енгізілсін; орыс тіліндегі мәтін өзгертілмейді.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Воронеж ауылдық округінің әкімі*                      *Э. Омаров*